жасырын емес. Солай болғанымен де, шет тілін оқытуда сауаттылыққа қол жеткізудің маңызды шарттарының қатарында ол тілдің грамматикалық категорияларын игеру екені белгілі. Араб тілін, ондағы грамматикалық категорияларды игеруде, оларды қазақ тіліндегі категориялармен салғастыра зерттеу студенттердің бойында теориялық тиянақты білік дағдыларын қалыптастыруға негіз болады.

Әдебиеттер

1.Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: Основы контрастивной лингвистики, - Алматы: «Демеу» 1996
2. Лингвистический энциклопедический словарь, - Москва: «Советская энциклопедия» 1990
3.Словарь по языкознанию. Тіл білімі сөздігі, Алматы, «Ғылым», 1998
4. Ковалев А.А., Шарбатов Г.Ш. Учебник арабского языка, -Москва, «Восточная литература» РАН, 1998

Б.С. Бокулева, PhD докторант,
З.Е. Искакова, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы, Алматы

ТҮРКІ-ҮНДІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТІЛДІК БАЙЛАНЫСТАРЫ

В статье поднимаются вопросы взаимоотношений тюркских языков с представителями других языковых семей, в частности тюркско-индийские языковые контакты. Приводятся лексико-семантические группы тюркско-санскритских лексических параллелей.

Ключевые слова: диахроническая лингвистика, тюркские языки, письменность брахми.

In article is considered problems of relations with the Turkic languages of other language families, including Indo-Turkic language contacts. Given lexical-semantic groups of Turkic and Sanskrit lexical parallels.

Keywords: diachronic linguistics, Turkic languages, writing Brahmi.

Диахрондық лингвистика теориясының және бастапқы қалпына келтіру жалпы теориясының негізгі мәселелерінің бірі жазбаға дейінгі (лингвистика үшін тарихқа дейінгі) арғы тілдің жағдайын қайтадан көтеру.

Диахрондық лингвистика (тарихи, эволюциялық) тілдің тарихи даму үдерісінде байқалатын заңдылықтарды зерттейтін тіл білімінің саласы болып табылады. Диахрондық лингвистика тілдік құбылыстарды олардың нақты тарихи дамуымен байланысты зерттеу нәтижесінде пайда болған.

Л. Блумфильдтің пікірінше, тіл тарихы қандай да бір адамзат институттарының қалыптасу тарихынан ерте кезеңдермен байланысты. Лингвистикалық бастапқы қалпына келтірудің ерекше құндылығы осында.

Түркі тілдері тарихының ежелгі кезеңдерінде жазба ескерткіштерінің болмауы түркі тілдерінің өз шеңберінен шығып, басқа тілдермен байланысуымен орыны толтырылады. «Тек түркі тілдерінің деректеріне

сүйене отырып, б.д. VII ғ. бұрынғы түркі тілдерінің шынайы ахуалын елестетуге болмайды» [1, 23] деп пайымдаған А.Кононовпен келіспеуге болмайды. Осыдан түрлі семья тілдерінің қарым-қатынасының нәтижесін, ертедегі байланыстарды іздеу қажеттілігі туындайды. Бүгінгі таңда контакология – жаһандық мәселеге айналды, оның шеңберінде күтпеген тұжырымдар, салыстырулар пайда болуды, мысылы, жапон – түркі тілдік қатынастары [2].

В. Рамстедта, Н. Каримуллин және А.Арибжанов зерттеген түркі-үнді тілдік байланыстары, түркі-палеоазиаттық, түркі-корей тілдік байланыстарының тарихы қазіргі кезде тереңірек зерттеуді қажет етеді. Осындай «кенеттен» пайда болған бағыттардың бірі, түркілердің арғы тілін бастапқы қалпына келтіру үдерісінде қосымша мүмкіндіктер беретін түркі-үнді тілдік қатынастары мәселесі.

Еуразияның орталығында таралған түркі тілдері тілдік қатынастар жағдайында маңызды орын алған және әлі де маңызды. Ежелгі кезеңнен түркі тілдері түрлі тілдік семьялардың көптеген тілдерімен байланыста болған. VII–XIII ғ. ежелгі түркі жазба ескерткіштерінің бірқатарында сақталған лексиканың жинағы негізінде «Ежелгі түркі сөздігі» қалыптасты. «Ежелгі түркі сөздігінде» қолданылған ежелгі үнді жазуы брахмиде жазылған ескерткіштер саны көп емес: түрлі мазмұндағы он бес үзінді, негізінен діни, алайда бұл он бес үзінді ежелгі қатынастың алғашқы куәсі болып табылады. Ежелгі ескерткіштердің бірі Түркі қағанаты кезеңіндегі Бугут жазбасынан (VI ғ.) алғашқы Түркі қағанатының ақсүйек табы арасында буддизм кең таралғандығы мәлім болған. Таспар-қаған буддизмді мемлекеттік дін ретінде енгізудің алғышарттарын жасаған. Ол елге үнді дінін уағыздаушы Чинагуптаны шақыртып, ғибадатхана салдырып, буддалық қауымды құрды. Бугут жазбасының бір бөлігі буддалық сутраларға тән санскрит, яғни брахми жазуымен жазылған.

Шамамен осы кезеңде (VI-VII ғ.) Үндістанға түркі тайпаларының жекелеген алғашқы топтары ене бастады. Ежелден Орталық Азияда мекендеген түркілер, сонымен қатар тегі Жетісу, Дешті Қыпшақ, Хорезмнан шыққан тайпа өкілдері де Үндістанға қоныс аударды. XIII ғ. басында моңғолдардың жаулап алу нәтижесінде түрлі тайпалардың Үндістанға қарай жылжуы қарқынды болды. Осылайша, Солтүстік, Солтүстік-Батыс және Орталық Үндістанның кең территориясында түрлі түркі тайпалары тарады, ал билік түркі феодалдарының қолына өтті. Ірі қолбасшы Айбек тағдыры талқыға түскен түркілердің басын қосып, өзін астанасы Дели болған жаңа мемлекеттің сұлтаны деп жариялады. Бұл мемлекеттің орнауы бүкіл Үндістанның тарихына айтарлықтай әсерін тигізді, Үндістан мұсылман әлемімен танысып, етене жақындаса бастады. Үндістанда Дели сұлтанатының билігі орнауымен мұсылман әлеміне есік ашылды. Ислам идеялары Синд жерінде VII ғасырларда ене бастаса, солтүстік Үндістанның басқа аймақтарында IX ғасырдан бастап таралды. Дели сұлтанатында Ислам мемлекеттік дін болып саналды. Исламға үнді халқының түрлі таптары ене

бастады, кейбіреулері күштеп мұсылман дінін қабылдаса, ал басқалары бұл дінді тек мүдде үшін ғана қабылдаған, өйткені тек мұсылмандар ғана басқару қызметтерінде отыра алған, басқалары джазия (салықтан) босау үшін қабылдаса, кастаның төменгі тап мүшелері касталық қанаудан босау үшін исламға бой ұсынған. Осылайша, Дели сұлтанатының негізі қаланды. Уақыт өте келе сырттан келген түркі тайпаларының жергілікті түрлі тілдерде сөйлейтін тайпалармен табиғи араласуы тілдік өзара байланысқа әкелді, бұл әсіресе лексикада айқын көрінеді. Дели сұлтанатының аралас тілінің лексикасы ортағасырлық ғалым Бадр ад-дин Ибрахимнің «Фарханги зафангуйа ва джаханпуйа» («Сөйлейтін сөздік және оқитын әлем») атты сөздігінде көрініс тапты. Бұл сөздіктің материалдары ғылыми маңызға ие, өйткені бұл түркі-үнді тілдік қатынастарының жарқын мысалы болып табылды. Сөздіктің түркі бөлігі *ini, kelin, tamyr, erin. baldyr* сынды т.б. қазіргі қазақ тіліндегі бізге таныс сөздерден тұрады.

Лексика – тілдің өзгеріске ең бейім саласы. Сондықтан да тілмен тілдің арасындағы лексикалық ауыс-түйістер басқа элементтерге қарағанда көбірек кездеседі. Егер кез-келген тілдің сөздік құрамына көз салып қарайтын болсақ, олардың барлық саласы бірдей өзгеріске түсіп, ауыса бермейді. Олардың ішінде тұрақтылары да, өзгергіштері де кездеседі. Сондай-ақ біршама тұрақты тақырыптық топқа туысқандық атаулар, дене мүшелерінің атаулары, күнделікті тіршілікке байланысты тұрмыстық атаулар т.б. жатады. Ал етістік болса, зат есімге қарағанда әлдеқайда тұрақты, тіпті ол бір тілден екінші тілге мүлдем ауыспайтын категория.

Лексика тілдің ең өтімді саласы болғандықтан тілдік қарым-қатынастарды зерттеуде негізгі база болып саналады, өйткені ол осы байланыстардың нәтижесін көрсетеді. Түркі тілдерінің ежелгі ахуалы туралы көптеген қызықты мәліметтерді түркі және үнді тілдерінің лексикасының ортақ элементтерін «лексикалық параллель» арқылы салыстырмалы зерттеу бере алады.

Түркітану ғылымы үшін түркі-санскрит (кеңірек: түркі-дравид-санскрит) лексикалық параллельдері үлкен қызығушылықты арттырып отыр, бүгінде оны түсіндіру өте қиын. Олардың шығу тегі негізінен гипотезалар арқылы түсіндіріледі.

Дравид-санскрит-түркі лексикалық параллельдері тосын құбылыс емес. Тілшілердің пайымдауынша, арийлердің Орта Азия мен Үндістанға (б.д.д. 2300-1800 жж.) ену кезеңінде түркі тілдері таралған алтай тілдерінің шығыс шекарасы арийлер мен дравидтердің тоғысу орны болды. Дравид тайпалары Оңтүстік Үндістан және жалпы Индостан түбегінің байырғы жергілікті тұрғындары емес, олар осы территорияда б.д.д. IV мыңжылдықта пайда болған деген дәлелдемелер бар. Үндістанға олардың қайдан және қашан келгендігі, қандай халықтармен көрші болғандығы туралы мәселе ашық күйінде қалып отыр. Тарихқа дейінгі дравидтердің болуы мүмкін байланыстары туралы түрлі гипотезалар бар, М.Андронов пікірінше, «Дравид тілдері мен угро-фин (немесе олар-алтай) тілдері арасындағы қандай да бір

байланыстар туралы теория тілдік материалдарға негізделуімен назар аудартады» [3, 99]. К.Мусаев: «Егер фин-угор тілдері мен дравид тілі арасындағы байланыстар болса, онда территориялық жағдайға байланысты тек түркі (алтай) тілдері арқылы болған» [4, 148].

Үндітанушылардың ортақ пікірі бойынша [5], дравид тілдері Үндістан территориясында кейінірек пайда болған үндіарий тілдеріне байланысты субстрат рөлін атқарған және оларға зор ықпал еткен. Т.Барроу санскрит сөздік қорының басым бөлігін дравид тілінен енген кірме сөздер құрайды деп санаған. Дравид тілдерінің түркі тілдерімен байланысын ескере отырып, үнді ғалымдары тамиль сөзі *tulukkan* (мұсылман) Солтүстік Үндістаннан енген сөз, ал санскритте бұл сөз *turuska* (түркі) деген мағына береді деп жазды. Дравид тілдерінде шығу төркіні түркі сөздері бар, мысалы: жалпы солтүстік үндістанда таралған *thakur* сөзі ежелгі түркі сөзі *tegin* (мырза, қожайын) кірме сөзі іспеттес. Тамиль тілінен түркі сөздерін қазір де кездестіруге болады, *tanga алтын* мағынасында.

Санскрит лексикасының басым бөлігі дравид дереккөзінен шыққандығы жоғарыда аталып өтті. Ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып және дравид тілінде материалдардың жетіспеушілігіне байланысты түркі-дравид-санскрит емес, тек түркі-санскрит параллельдерін анықтадық.

Жинақталған лексикалық материалдарды (900 сөз шамасында) төмендегі лексико-семантикалық топтарға бөлуге болады:

1. Этнонимдер, географиялық терминдер

Түркі (қазақ тілі мысалында)	*Санскрит*
Дешті Қыпшақ (қыпшақтар мемлекеті)	des (мемлекет, ел)
сарт (Орта Азияда мекендеген отырықшы халық)	Sartha (көпес, саудагер, бай)
дала	Tala (дала, жазықтық)
сақ	Sak (сақ)
Бұқара (Өзбекстан қаласы)	Vihar (монастырь)
Арасан (минералды бастау)	Rasayana (бастау)
құдық	Kau (құдық)
	Kup (ұңғыма)
	Kuksi (ана құрсағы)
Қорқыт (аңыз тұлға)	Karkhaut (батырлық, ерлік жыршысы)
су	su (тасқын, сел)

2. Флора және фауна

бұзау	wasa (бұзау)
маса	masak (маса)
жал (май)	jal (жал, май)
бөрі	bhiruka (қасқыр, бөрі)

3.Тағам атаулары

ас (тамақ)	asan (тамақ, ас)
бал	madhu (бал)

қуырдақ, қуырма	korma (қуырма)
сүр (сүрленген ет)	sur (күн)
	Suraksit (жақсы сақталған)
сыра	sura қыздыратын сусын

4. Дыбысқа шығаруға байланысты

көкек	kok, kokil (көкек)
мылқау	muk, maokya (мылқау, үнсіздік)
шақпақ	cakmak (шақпақтас)
үкі (үкінің қауырсыны)	ghuk (үкі, жапалақ)
бақа	bhek (бақа)
қасыну	khasna (қасыну, қышыма)
қарға	kag, kaga (қарға, құзғын)

5. Дін

намаз	namas (тағзым)
дәу (дәу, мифологиялық жын)	dew (құдай, құдіретті)

6. Тұрмыс заттары

темір	tamra (темір)
шөміш	camac (шөміш, ожау, қасық)
тоқыма	tumka (тоқыма)
топы, төбетай (бас киім)	top, topi (бас киім)

7. Адам және адаммен байланысты түсініктер

балуан	bal (күш, қуат)
бақ, бақыт	bhag (бақыт, бақ, амандық)
жан	jan, janak (туу)
бала	bala (жас, жасөспірім)
	balika (қыз бала)
леп (дыбыс)	lap, lapan (ауыз)
-шіл (жұрнақ: прогресс-шіл)	sil (мінез)
адамгер-шіл-ік	
апат (оқиға, қайғы)	apatti, apat (бақытсыздық, қайғы)
мән (пікір, көзқарас)	man (пікір, көзқарас, құрмет)
Манас (қырғыз эпосының кейіпкері)	manas (рух, ой)
	Manu (адамзат атасы)

Түркі-санскрит лексикалық параллельдерінің арасында қарапайым салыстыру немесе кірме сөз ретінде түсіндіруі қиын сөздер бар екендігі байқалады.

Кейінгі жылдарда түркітануда б.д.д. II мыңжылдықтан бұрын, яғни 4000 жыл бұрын Ауғанстан аймағында аралшықтары сақталған дравид тілдері мен түркі тілдерінің (яғни ата-бабалары) байланысы болған деген гипотеза пайда болды. Осылайша, көршілес мекендеген түркі және дравид тілдерінде сөйлеуші халықтар арасындағы тығыз байланыс үндіарийлердің келуімен үзілді. Байланыстар шамамен Орталық Азия, Арало-Поволжье және Кавказ аймақтарында болған. Бұл болжамдар ескірген тұжырымдардан бөлек және

түркі тілдерінің әлемнің басқа тілдерімен, әсіресе үндіарий тілдерімен өзара қарым-қатынасы теориясы қайта қарастыруды талап етеді.

Түркі-үнді тілдік байланыстарын зерттеушілер алдында түркі тіл білімі үшін осы бағыттың қажеттілігін және даму болашағын зерттеп, көрсету міндеті тұр. Осы мәселе бойынша көптеген жекелеген пікірлерді, тұжырымдарды, ойларды ортақ мәмілеге келтіретін қорытынды жасап, жинақталған тәжірибелер бойынша жалпылама зерттеу жұмыстары қажет.

Әдебиеттер

1. Кононов А. Современное тюркское языкознание в СССР// Вопросы языкознания. 1977. № 3. С. 23.
2. Азербаев Э. Вопросы японско-тюркское языковых связей. -М. 1980.
3. Андронов М. Дравидийские языки. -М., 1965. С.99.
4. Мусаев К. Лексикология тюркских языков. -М., 1984. С. 148.
5. T. Barrow. The Sanskrit language. L., 1955; Воробьев-Десятовский В.С. К вопросу о роли субстрата в развитии индоарийских языков// Советское востоковедение. 1956. №1; Баранников А.П. Флексия и анализ в новоиндийских языках// Ученые записки ЛГУ. 1949. № 98.
6. Nuri M.N. India and Central Asia: Past, Present and Future// Regional Studies. 1992-1993. – Vol. 11, №1.
7. Kumar B.B. Central Asia: The Indian Links// Dialogue. – 2002. Vol.3 №4.

Боранбаева А.Ж., аға оқытушы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы

"ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ" ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

В статье рассматривается место и роли фразеологизмов в национальных культурах, также анализируются некоторые устойчивые словосочетании персидского языка.

Ключевые слова: антропоцентристическая парадигма, фразеологизм, языковая картина мира, персидский язык, культура.

The article examines the place and role of phraseology in the national culture, and analyzes some idiom of the Persian.

Key words: anthropocentric paradigm, phraseologism, linguistic picture of the world, the Persian language, culture.

Адам дүниені жалпы адамзаттың және ұлттың қоғамдық тарихи тәжірибе негізінде бейнеленген тілі арқылы таниды. Ұлттық тәжірибе тілдің ерекшелігін анықтап, соның негізінде сол тілде сөйлеушінің санасында, соған сай өзіндік дүниенің тілдік бейнесін жасайды.

Тіл қазіргі адамдардың менталитетін ғана емес, ежелгі адамдардың да дүниеге, қоғамға және өздеріне деген деген көзқарастарын білдіреді. Сол өткен замандардың жаңғырығын, ізін бүгінгі таңда мақал-мәтел, фразеологизм, метафора, символдардан көреміз.